

Жамбыл облыстық сотының анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ережені Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес емес және Қазақстан аумағында қолданылмайды деп тану туралы ұсынымы жөнінде

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысы 1998 жылғы 6 қазандағы N 7/2

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі құрамында Кеңес Төрағасы Ю.А.Ким және Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, О.Қ.Ықсанов, С.Ғ.Темірболатов және В.Д.Шопин қатысқан ашық отырысында Жамбыл облыстық сотының Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес емес және Қазақстан аумағында қолданылмайды деп тану туралы ұсынымын қарап, мынаны анықтады:

1998 жылғы 14 қыркүйекте Конституциялық Кеңеске 1981 жылғы 18 мамырда ҚСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығы бекіткен анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ережені Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес емес және Қазақстан аумағында қолданылмайды деп тану туралы ұсынымы келіп түсті.

Конституциялық Кеңестің мүшесі О.Қ.Ықсановтың баяндамасын тыңдап және ұсынымға қатысты материалдарды, оның ішінде Жоғарғы Сот және Бас прокуратураның қорытындыларын зерделей келіп, Конституциялық Кеңес Жамбыл облыстық сотының анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ережені Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес емес және Қазақстан аумағында қолданылмайды деп тану туралы ұсынымын қанағаттандыруға болмайды деп есептейді

Жамбыл облыстық соты өзінің ұсынымында 1981 жылғы 18 мамырда ҚСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы бекіткен анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ереженің Конституцияға сәйкес еместігін аталған Ереже Азаматтық Кодекстің (АК) 9-бабына және Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің (ҚІК) 41-44 баптарына қайшы келіп, аталмыш органдардың заңсыз әрекеттерінен зардап шеккен адамдардың моральдық зиянын өтеу мүмкіндігін көздемейді деп дәлелдейді.

Шынында да 1981 жылғы 18 мамырда бекітілген анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың тартқан залалын

өтеу туралы Ережеде шеккен моральдық зиянды өтеуді көздейтін норма жоқ. Бірақ бұл азаматты зиянның бұл түрін өтеуді талап ету құқығынан айырмайды, өйткені 1995 жылғы 1 наурызда күшіне енгізілген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 14-бабы және 1998 жылғы 1 қаңтарда күшіне енгізілген Республика Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 41-44 баптары оған мұндай құқық береді. Аталған актілердің қайсысын - 1981 жылғы 18 мамырда бекітілген Ережені ме әлде Республика кодекстерін басшылыққа алу керек пе деген мәселе туындауы мүмкін емес: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 16 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қаулысының 2-тармағына сәйкес ҚСРО-ның заң нормалары, егер олар аталған конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының басқа заңдық және нормативтік актілеріне қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының аумағында қолданыла береді.

Сөйтіп, 1981 жылғы 18 мамырдағы Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ереже Конституция бекітіп берген адам және азаматтың құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді, соның ішінде оны Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында көзделген сотпен қорғану құқығынан айырады деген Жамбыл облыстық сотының байламы негізсіз болып табылады. Моральдық залал шеккен кез келген адам, оның ішінде анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен зиян шеккендер, Азаматтық кодекстің (жалпы бөлім) және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің тиісті нормаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ерекше бөлігі қабылданғанға дейін "Экономикалық реформа жүргізу кезеңіндегі азаматтық құқықтық қатынастарды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысына сәйкес уақытша қолданылатын 1991 жылғы 31 мамырдағы ҚСР Одағы мен республикаларының азаматтық заңдар Негіздері нормаларының негізінде ондай зиянды өтеу туралы сотқа талап беруге қақылы.

1981 жылғы 18 мамырдағы анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен зиян шеккен азаматтың моральдық залалын өтеу тәртібі туралы Ережеде моральдық зиянды өтеуді көздейтін нормалардың болмауы сотқа мұндай талаптар беруге кедергі бола алмайды, өйткені "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған кодекстеріне, сондай-ақ "Экономикалық реформа жүргізу кезеңіндегі азаматтық құқықтық қатынастарды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысымен уақытша қолданылуға рұқсат етілген бұрынғы КСРО-ның заңы КСР Одағы мен республикалары

Азаматтық заңдар негіздеріне қолдану басымдылығы берілген.

Баяндалған мән-жайларда 1981 жылғы 18 мамырдағы Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ереже Конституция бекітіп берген адам құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді, оның ішінде сот арқылы қорғаны конституциялық құқығынан айырады деп дәлелдеуге негіз жоқ. Жамбыл облыстық сотының ұсынымында дау туғызып отырған акт (1981 жылғы 18 мамырдағы Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ереже) моральдық зиянды өтеу бөлігінде жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты қолдануға жатпайды. Егер де сот қолданылуға жататын заңды немесе қандайда бір нормативтік құқықтық актіні Конституция бекітілген адам құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді деп тапса сот, Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес Конституциялық Кеңеске ұсыным жасауға міндетті.

Жамбыл облыстық сотының Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ережені Республика Конституциясына сәйкес емес деп тану туралы ұсынымы мына себептермен де қанағаттандырылмайды.

Жамбыл облыстық соты 1981 жылғы 18 мамырдағы Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ережеде моральдық зиянды өтеу мүмкіндігі көзделмегендіктен осы Ережені Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп есептейді. Бірақ аталған нормативтік актіде моральдық зиянды өтеуге тікелей түрде тиым салатын және азаматтың моральдық зиянды өтеуді талап ету құқығына нұқсан келтіреді деп танитындай нақты құқықтық норма жоқ. Сондай-ақ Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы ережені тұтастай конституциялық емес деп тануға жеткілікті негіздер жоқ. Заңға тәуелді акті болып табылатын аталған Ережеде анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен зиянын өтеу тәртібі, тетігі бекітілген. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және Бас прокуратурасының куәландыруы бойынша 1981 жылғы 18 мамырдағы анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ереже іс жүзінде қолданылып келеді. Демек, оны қолданылмайды (Қазақстан Республикасы аумағында күшін жойған) деп тану туралы мәселе Қазақстанда тек осы тақілеттес және мәндес өз актісі қабылданған соң ғана қойылуы мүмкін.

Жамбыл облыстық соты өз ұсынымының қорытынды бөлігінде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің қабылдануына байланысты 1981 жылғы 18 мамырдағы анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот

органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ережені Конституцияға сәйкес емес және Қазақстан аумағында қолданылмайды деп тануды өтінеді. Конституциялық Кеңес облыстық соттың бұл талабын негізсіз деп тапты: жаңа нормативтік құқықтық актінің қабылдануына байланысты актіні күшін жойған ("қолданылмайтын") деп тану Конституциялық Кеңестің құзыретіне жатпайды және Қазақстан Республикасының "нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Актілерді одан әрі жетілдіру жұмысы туралы" 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 64 Қаулысына, басқа да кейбір актілерге сілтеме жасай отырып 1981 жылғы 18 мамырдағы Ереже заңдық күшін жойған деп есептейді.

Жоғарғы Сот, керісінше, аталған Ереже заңдық күшін жойған жоқ және сот жұмысында қолданылады деп санайды.

Егер соттар және басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасында осы тақылеттес мазмұнды нормативтік акт болмағандықтан "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қаулысының талаптарын сақтап, қаралып отырған актіні уақытша қолданып келген болса, онда оны қолданылмайды (Қазақстан Республикасы аумағында күшін жойған) деп тану туралы мәселе Қазақстанда тек осы тақілеттес және мәндес өз актісін қабылдаған соң ғана қойылуы мүмкін.

Егер қаралып отырған нормативтік акт шынында да күшін жойған болса, соттар оны қолданбауға тиіс. Қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары заңдық күшін жойған конституциялық актілерді тексеруді Конституциялық Кеңестің құзыретіне жатқызбайды.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабын Қазақстан Республикасы Президентінің, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығының 31-33, 37-баптарын басшылыққа ала отырып, Конституциялық Кеңес қаулы етеді:

1. Жамбыл облыстық сотының Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің қабылдануына байланысты 1981 жылғы 18 мамырда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы бекіткен анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз әрекеттерінен азаматтың шеккен залалын өтеу тәртібі туралы Ережені Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес және Қазақстан аумағында қолданылмайды деп тануы қабылданбасын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына

сәйкес қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың барлық

аумағында жалпыға міндетті, түпкілікті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды есепке ала отырып, шағымдануға жатпайды.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК